

## Білім платформасын пайдалану туралы ОФЕРТА ШАРТЫ

Астана қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 жыл

Сіз сайтта ([sabaq.onlinesabaq.online](http://sabaq.onlinesabaq.online)) (бұдан әрі – «[Sabaq.online](http://Sabaq.online)») ұсынылған сервистер және мүмкіндіктерді пайдаланбас бұрын, осы құжатпен мұқият танысуыңызды сұраймыз. [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтының кез келген функцияларын, қызметтерін және мүмкіндіктерін пайдалану, оның ішінде [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтының беттерін қарау арқылы, Сіз – «Пайдаланушы» және/немесе оның «Заңды өкілі» сайтта тіркелгеніңізге немесе оған тіркеусіз кіргеніңізге қарамастан, қандай да бір алып тастауларсыз және ескертпелерсіз осы оферта шартын (бұдан әрі – «Шарт»), оның ішінде онда аталған барлық арнайы шарттар мен ережелерді оқығаныңызды, түсінгеніңізді және сақтауға келісетініңізді мәлімдейсіз.

Осы құжаттағы «Пайдаланушы» терминіне сілтемелер, егер ол 18 жасқа толған болса Пайдаланушыға, ал егер ол осы жасқа толмаған болса, оның Заңды өкіліне қолданылады. Сонымен қатар, Заңды өкіл осы офертаны қабылдаған жағдайда, Пайдаланушыға қатысты осы офертада көзделген барлық міндеттемелер Заңды өкілге де, кәмелетке толмаған оқушыға да қолданылады.

Егер сіз осы Шарттың барлық немесе белгілі бір ережелерін сақтауға келіспесеңіз, [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайты пайдаланбаңыз, сайттан дереу шығыңыз. Егер сіз тіркелген пайдаланушы болсаңыз, [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтындағы аккаунтыңызды жойыңыз немесе сайттың Құқық иесіне оны жою туралы өтінішпен хабарласыңыз.

**Осы құжат** Құқық иесінің шектеусіз тұлғалар тобына бағытталған жария ұсынысы болып табылады. Осы оферта Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-396 – бабының (бұдан әрі мәтін бойынша - «ҚР АК») жария оферталарға қойылатын талаптарымен қойылатын барлық елеулі талаптарды қамтиды, осы оферта Құқық иесінің осы офертада шартында көрсетілген шарттарда жауап беретін кез келген адаммен шарт жасасуға ерік-жігерін білдіреді.

### 1. Жалпы шарттар

**1.1.** Бұл сайт "Sabaq.online" ЖШС компаниясымен (бұдан әрі – «Құқық иесі») басқарылатын білім беру платформасы болып табылады. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 14/3 ғимарат.

**1.2.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтында пайдаланушыны [Sabaq.online](http://Sabaq.online) қызметтерімен алдын ала таныстыру және сайтты тиімді пайдалану мақсатында жарияланатын тегін материалдар (контент) бар.

**1.3.** Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтына жазылу арқылы қызмет үшін төлем кез келген жағдайда қайтарылмайтынымен келіседі.

**1.4.** Құқық иесі [Sabaq.online](http://Sabaq.online) көрсететін қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында Пайдаланушыға алдын ала хабарламай кез келген контентті жою, өзгерту, толықтыру немесе орнын ауыстыру құқығын өзіне қалдырады.

**1.5.** Құқық иесі [Sabaq.online](http://Sabaq.online) Пайдаланушысынан қазіргі уақытта немесе кез келген уақытта ақысыз болатын белгілі бір контент үшін ақы алу құқығын өзіне қалдырады.

**1.6.** Пайдаланушының келісімінсіз [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтындағы басқа ұйымдардың жарнамаларын жүктеу құқығын "Sabaq.online" ЖШС өзіне қалдырады.

**1.7.** Барлық сұрақтар бойынша Пайдаланушы жеке кабинетіндегі жеке кабинетіндегі көрсетілген телефонға хабарласа алады.

**1.8.** Құқық иесі әр Пайдаланушыға белгілі бір мерзімге курстар ұсынады, осы мерзім ішінде Пайдаланушы осы курстардан өз қалауы бойынша өтуге құқылы.

**1.9.** Құқық иесі Пайдаланушыға тек [Sabaq.online](http://Sabaq.online) білім беру платформасына кіруге мүмкіндік береді, осы қолжетімділікті ұсынған соң қызметтер көрсетілген болып саналады.

**1.10.** Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) білім беру мекемесі емес екенін және сол арқылы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) оқушылардың үлгеріміне, сондай-ақ емтихандардың сәтті тапсырылуына немесе оқу орындарына түсуіне кепілдік бере алмайтынын түсінеді және келіседі.

### 2. Құпиялылық саясаты

**2.1.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтына кіріп немесе сайт ұсынған контентті пайдалана отырып, Пайдаланушы осы Шартта көрсетілген құпиялылық саясатымен келіседі және сол арқылы

Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтында тіркелу кезінде көрсеткен дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін береді.

**2.2.** Осы Шарт контентті пайдалану бөлігінде [Sabaq.online](http://Sabaq.online) және Пайдаланушы арасындағы қатынастарды, жетекші ақпарат пен құжаттаманы (бұдан әрі – Контент), оның ішінде бағдарламалық жасақтаманы (жүктелген, жүктелмеген), технологияларды, пайдаланушы интерфейстерін, форумдарды, чаттарды, профильдерді, виджеттерді, хабарламаларды, сілтемелерді, электронды поштаны, кестелерді, мәтіндерді, суреттерді, бейнелерді, кодтарды, дыбыстарды, әуендерді, ойындарды, барлық аудиовизуалды немесе [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтындағы басқа материалды пайдалану бөлігінде сайттың дизайны мен сыртқы түрін қоса алғанда реттейді.

**2.3.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтындағы барлық Контент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жарияланады.

**2.4.** Осы Шарт үшінші тараптардың немесе Құқық иесі бақыламайтын, иеленбейтін және басқармайтын сайттардың ақпарат жинауын немесе пайдалануын қамтымайды.

**2.5.** Құқық иеленуші өз технологияларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мақсаттар мен қағидаттарға сәйкес келетіндей етіп әзірлейді және реттейді.

**2.6.** Осы Шарт Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайты пайдалану кезінде Құқық иесі жинайтын ақпарат түрлерін орнатады, сондай-ақ деректерді рұқсатсыз пайдаланудан қорғау аясында бағытталған қадамдарды анықтайды.

### **2.7. Деректер жинау**

**2.7.1.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтқа кіретін пайдаланушылар туралы ақпарат жинайды. Сайттың әрбір оқырманына браузерде "cookies" деп аталатын стандартты функцияны пайдалану арқылы бірегей нөмір беріледі. Cookies Құқық иеленушіге Пайдаланушылар оқитын сайт беттерін қадағалауға, сондай-ақ статистикалық деректерді жинауға мүмкіндік береді. Пайдаланушы туралы ақпарат Пайдаланушыларға дербестендірілген қызметтерді ұсынуға, сондай-ақ олардың сапасын арттыруға ықпал етеді.

**2.7.2.** Пайдаланушы туралы ақпарат Пайдаланушыны анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты, атап айтқанда, аты-жөні, электронды поштасы және мекенжайы туралы ақпаратты білдіреді; "Анонимді ақпарат" Пайдаланушыларды анықтауға мүмкіндік бермейтін ақпаратты білдіреді.

**2.7.3.** Құқық иесі cookies-ті алаяқтықтың немесе аккаунттарды тегін немесе оларды пайдалану шарттарын бұзатын басқа да мақсаттарда пайдаланудың ықтимал жағдайларын қадағалау үшін пайдаланады. Пайдаланушы cookies-ті қабылдауға немесе қабылдамауға құқылы; Пайдаланушы браузердегі барлық cookies файлдарынан немесе [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтындағы cookies-тен бас тартуға құқылы. Алайда, егер Пайдаланушы cookies-тен бас тартуды немесе оларды жоюды таңдаса, бұл [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайты пайдаланған кезде кейбір функционалдық мүмкіндіктерді шектеуі мүмкін.

**2.7.4.** Пайдаланушылар туралы ақпарат Пайдаланушының келісімінсіз немесе басқа мақсаттарда [Sabaq.online](http://Sabaq.online) қызметтерін ұсынумен байланысты емес мақсаттар үшін пайдаланылмайды.

**2.7.5.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) браузер, Операциялық жүйе немесе техникалық деректер туралы жиналған ақпаратты қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында пайдалануға құқылы.

**2.7.6.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайттың оқырмандары мен пайдаланушылары жайлы жасырын (иесіздендірілген) ақпаратты үшінші тұлғаларға, сондай-ақ серіктестер мен жарнама берушілерге өз бетінше пайдалану және ашу құқығын өзіне қалдырады. Мұндай әрекеттер [Sabaq.online](http://Sabaq.online) Пайдаланушысына немесе сайт оқырманы зиян келтіру қаупі төнген кезде жүзеге асырылмайды.

### **2.8. Метадеректерді қолдану**

**2.8.1.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) құпиялылық саясатына сәйкес, Пайдаланушылар үшін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында метадеректерді, атап айтқанда, кілт сөздер (қамтылады, бірақ олармен шектелмейді), іздеу тарихы, сілтемелер, түсініктемелер, хабарламалар және сайтқа кіру хабарламалары сияқты деректерді пайдалануға құқылы.

**2.8.2.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) жиналған ақпаратты жарнама мақсатында және демеушілерді тарту мақсатында пайдалануға құқылы. Бұл жағдайда іздеу тарихы үшінші тарапқа тек анонимді түрде беріледі (демек, анонимді ақпарат туралы есепте), осылайша Пайдаланушы туралы ақпарат ашылмайды.

### **2.9. Қауіпсіздік ережелері**

**2.9.1.** Егер Пайдаланушы тіркелу кезінде құпия ақпаратты енгізсе (мысалы, кредиттік картаның нөмірі), онда бұл ақпарат электрондық коммерцияны шифрлаудың жалпы техникасының көмегімен шифрланады. Құқық иесі Пайдаланушының алған жеке ақпаратын қорғау кезінде де, беру кезінде де, өңдеу кезінде де жалпы қабылданған стандарттарды қолданады.

2.9.2. Құқық иеленуші Пайдаланушылардың деректерін қызмет көрсету сапасын арттыру немесе деректерді жаңарту мақсатында ғана пайдаланады; Құқық иеленуші Пайдаланушылардың алынған деректерін үшінші тарапқа сатпайды және лицензия бермейді.

## **2.10. Ақпараттық бюллетеньдер мен хабарландырулар**

2.10.1. Егер Пайдаланушы [Sabaq.online](#) ақпараттық бюллетеніне жазылғысы келсе, Құқық иесі хаттарды тарату мақсатында Пайдаланушының аты мен электронды поштасын пайдалануға құқылы. Пайдаланушы жіберуден бас тартуға құқылы. Құқық иесі сирек жағдайларда көрсетілетін қызметтерге қатысты хабарландыруларды таратуды жүзеге асырады. Мысалы, егер техникалық себептер бойынша қызмет уақытша қолжетімсіз болса, ақпараттық хат жіберіледі.

2.10.2. Егер сот актісімен немесе ҚР заңнамасымен талап етілсе, Құқық иесі Пайдаланушыға хабарлай отырып, жеке ақпаратты ашу құқығын өзіне қалдырады.

## **2.11. Юрисдикция**

2.11.1. Бұл сайт Қазақстан Республикасында жарияланған. Барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

## **2.12. Құпиялылық саясатына өзгерістер мен толықтырулар**

2.12.1. Құқық иесі әрқашан ең жақсы өнім мен қызметтерді ұсынуға тырысады. Интернет – бұл жылдам және үнемі өзгеріп отыратын медиа-құрал әрі жаңа өнімдер мен қызметтер өндірісі болғандықтан, осы Шартқа да өзгерістер мен толықтырулар болуы мүмкін. Құқық иесі кез келген уақытта осы құпиялылық саясатын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

2.12.2. Сайтқа кірген кезде Пайдаланушы осы Шартта не өзгергенін тексеруі керек. [Sabaq.online](#) сайты одан әрі пайдалану және / немесе контент Пайдаланушының пайдалану шарттарындағы өзгерістерді қабылдағанын білдіреді. Егер Пайдаланушы өзгерген саясатпен келіспесе, Пайдаланушы [Sabaq.online](#) контенті мен сайты пайдаланудан бас тартуы керек.

## **3. [Sabaq.online](#) сайтына кіру**

3.1. [Sabaq.online](#) сайты тек жеке пайдалануға арналған, яғни екінші тараптың сайтты басқа мақсаттарда пайдалануына жол берілмейді, егер бұл орын алса, онда рұқсат кері қайтарылады. Сайттың Құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз оны жүктеуге (сайттың беттерін қарау үшін қажет болғаннан басқа) немесе сайттың немесе оның бір бөлігінің деректерін өзгертуге жол берілмейді. [Sabaq.online](#) жүктеу үшін шектеулі контент түрін ұсынады, олар "Жүктеу" батырмасы арқылы жүзеге асырылады, ол өзгеше емес құқықтарға негізделген және мазмұнды таратуға, көшіруге мүмкіндік бермейді.

3.2. [Sabaq.online](#) Құқық иесінің жазбаша келісімінсіз жүктелген / кіріктірілген контентті коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

3.3. Сайтқа кіру мүмкіндігі [Sabaq.online](#) сайты қайта сату, оның Контентін қайта сату немесе коммерциялық сипаттағы пайдалану құқығын бермейді. [Sabaq.online](#) сайтының Құқық иесінің жазбаша келісімінсіз сайт Контентін және сайтқа кіру, тарату, көшіру, қайта шығару, декompляция, сату, қайта сату немесе пайдалануға тыйым салынады.

3.4. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, егер [Sabaq.online](#) сайтының белгілі бір контентті (грамоталар, алғыс хаттар, сертификаттар және т.б.) бетінде басып шығаруға мүмкіндік беретін батырма болса, Пайдаланушы бұл бетті жеке пайдалану үшін және коммерциялық сипаттағы тарату құқығынсыз білім беру мақсатында ғана таратуға құқылы.

3.5. Пайдаланушы [Sabaq.online](#) сайтының Құқық иесінің жазбаша келісімінсіз сауда маркасын, логотипін немесе басқа да жеке ақпаратты (оның ішінде бейнелерді, мәтінді, беттердің компоновкасын және басқа да ақпаратты) жасауға немесе пайдалануға құқылы емес. [Sabaq.online](#) сайты пайдалану кез келген жағдайда рұқсатсыз сайтқа кіру мүмкіндігін автоматты түрде жояды. Егер Пайдаланушы осы Шарттарды бұзса немесе Құқық иесінде Пайдаланушының оларды бұзғанын пайымдауға жеткілікті негіздер болса, Құқық иесі ескертусіз сайтқа қолжетімділікті тоқтата тұруға және/немесе жоюға, барлық бонустық рейтингті жоюға және бір айға [Sabaq.online](#) плафтормасын пайдалануды шектеуге құқылы. Сондай-ақ, Құқық иесі сол Пайдаланушыны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тарту құқығын өзіне қалдырады.

3.6. Пайдаланушы зиянды бағдарламаларды (вирустар, трояндық бағдарламалар және т.б.) немесе басқа да зиянды бағдарламалық жасақтаманы, саяси хабарламаларды, қорлайтын ақпарат пен хабарламаларды, жаппай таратылатын хаттарды және "спамның"өзге де түрлерін жібермейтінін немесе пайдаланбайтынын растайды.

**3.7.** Пайдаланушы компьютерлік жүйеге, жүйелік құпия ақпаратқа, өзге пайдаланушылар туралы ақпаратқа қол жеткізген жағдайда оларды заңсыз мақсаттарда және басқа тараптың келісімінсіз пайдаланбайтынымен келіседі.

**3.8.** Пайдаланушы электронды бүркеншік ат және/немесе IP-мекенжайды, басқа тұлғаның немесе ұйымның бүркеншік атын пайдалануға, өзге пайдаланушының немесе тұлғаның атын жамылып қандай да бір іс-әрекеттер жасауға құқылы емес.

**3.9.** Сайт әрдайым қол жетімді бола бермейтініне назар аударыңыз. Жүйелік техникалық толықтырулар, ақаулықты болдырмау немесе басқа техникалық себептер бойынша қызметтер белгілі бір уақыт ішінде қолжетімді болмауы мүмкін.

**3.10.** Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтына кіріп, таңдалған сабақты таңдаған сәттен бастап 24 сағат ішінде өзгерте алады.

**3.11.** Осы Шартқа сәйкес Құқық иесі жауап бермейді:

- авторлық құқық иеленушінің мұндай техникалық құралдарды және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді тікелей бақылауы болмаған жағдайларда, техникалық құралдардың жұмысындағы үзілістер, Пайдаланушының Интернетке қосылу сапасының төмендігі, бағдарламалық қамтамасыз етудің, электрмен жабдықтау және деректерді беру жүйелерінің ақаулары үшін;

- желілік шабуылдар немесе бұзу (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей), техникалық себептерден туындаған ақаулар үшін;

- осы Шартты орындауға байланысты Пайдаланушының және басқа үшінші тұлғалардың жанама шығындары, жоғалған пайдасы;

**3.12.** Айына бір рет, Пайдаланушыны алдын ала хабардар еткеннен кейін, Құқық иесі платформаның/сайттың жұмысын жақсарту және/немесе ақаулықтарды жою мақсатында 8-ден 24 сағатқа дейінгі уақыт аралығында платформада/сайтта техникалық жұмыс жүргізе алады.

## **4. Пайдаланушы аккаунты**

**4.1.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) контентін пайдалану үшін тіркелу қажет. [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтына тіркелу арқылы Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) білім беру платформасының шарттары аясында жеке деректерді пайдалануға келісімін береді.

**4.2.** Егер Пайдаланушы осы Шарттың және ҚР заңнамасының тармақтарында көрсетілген талаптарды бұзбаса, Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтына берген жеке ақпаратты қарсы немесе Пайдаланушыға зиян келтіру үшін пайдалануға болмайды.

**4.3.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) білім беру платформасында Пайдаланушылар арасында хабар алмасу мүмкіндігі бар. Хат алмасу кезінде әдеп нормаларын бұзуға, нормативтік емес лексиканы қолдануға, намысын, ар-ожданын қорлауға, сондай-ақ ұлтаралық, дінаралық және араздықтың басқа да нысандарын қоздыруға жол берілмейді. Аталған нормаларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жаза көзделетінін еске саламыз.

**4.4.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) пайдаланушылары арасында жеке хат алмасу кезінде платформаның қызметкерлері басқа пайдаланушылар тарапынан этика нормаларының сақталуына жауапты емес.

**4.5.** Платформа қызметкерлері қажет болған жағдайда модератор ретінде білім беру платформасы пайдаланушыларының хабарламаларын редакциялауға, Пайдаланушының сұрауы бойынша құпиясөзді өзгертуге құқылы.

**4.6.** [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтында ашық және ақысыз негіздегі қолжетімді Контент бар, бірақ барлық контентті алу үшін Пайдаланушы тіркелуі керек. [Sabaq.online](http://Sabaq.online) ашық және еркін қолжетімділік негізінде тегін контентті ақылы контентке аударуға және әрі қарай ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

**4.7.** Егер Пайдаланушы ақылы қызметтерді алуға келіссе, онда болашақта [Sabaq.online](http://Sabaq.online) сайтына тіркелу және пайдалану қажет.

**4.8.** Егер Пайдаланушы [Sabaq.online](http://Sabaq.online) контентін пайдалану үшін тіркелгісі келсе, Пайдаланушы пайдалану шарттарын ұстанып, келісуі тиіс.

**4.9.** Пайдаланушы өз аккаунты мен құпиясөзінің құпиялылығы үшін жауап береді, сонымен қатар оның аккаунты мен құпиясөзі аясында болатын барлық әрекеттер үшін жауапкершілік Пайдаланушыға тиесілі екенімен келіседі.

**4.10.** Білім беру платформасында тіркелу кезінде Пайдаланушы тіркеу кезінде хабарланған барлық деректердің сенімді болуына кепілдік береді. Пайдаланушы өз баласын [Sabaq.online](http://Sabaq.online)

сайтына тіркеген кезде, бұл оқыту ресурсы балаларға арналған білім беру контентін әзірлеумен және сатумен айналысатын ресурс болып табылатынын түсінеді.

**4.11.** [Sabaq.online](#) несие карталарын немесе басқа да рұқсат етілген төлем әдістерін заңды түрде қолдана алатын ересектерге өз қызметтерін сатуға заңды құқықты сақтайды.

**4.12.** Егер Пайдаланушы 18 жасқа толмаған болса, осы Шарт оның заңды өкілімен жасалуы тиіс, ол [Sabaq.online](#) сайты тек осы Шартты оның заңды өкілі жасағаннан кейін ғана қолдана алады.

**4.13.** [Sabaq.online](#) өз қалауы бойынша Қызмет көрсетуден бас тартуға, аккаунттарды немесе Пайдаланушының тапсырыстарын алаяқтықтың және басқа да заңсыз жағдайлардың алдын алу мақсатында ғана жоюға құқылы.

**4.14.** Осы Шартты Пайдаланушының заңды өкілі жасасса, оның заңды өкілі Құқық иесіне оның мәртебесіне, барлық туындайтын құқықтары мен міндеттері бар өкілеттіктеріне қандай да бір Сот актісімен және/немесе заңды күші бар өзге де құжатпен шектелмейтініне кепілдік береді. Шарт тараптары Құқық иесінің осы Шартты Құқық иесі көрсетілген кепілдікке сүйене отырып жасағанын мойындайды.

**4.15.** Пайдаланушының бұқаралық ақпарат құралдарында немесе басқа да әлеуметтік желілерде Құқық иесінің беделін түсіретін және/немесе оның іскерлік беделіне нұқсан келтіретін көрінеу жалған ақпаратты таратуға құқығы жоқ. Осы талапты бұзу Пайдаланушыға 1 000 000 (Бір миллион) тенге мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

## **5. Зияткерлік меншік**

**5.1.** [Sabaq.online](#) және оның контенті серіктестер осы Пайдалану Шарттарының баптарына сәйкес құқық иелерінің келісімі негізінде сайтқа орналастырған кейбір контентті қоспағанда, “[Sabaq.online](#)” ЖШС-нің жекеменшігі болып саналады. Қазақстан Республикасының заңнамасына және [Sabaq.online](#) халықаралық конвенцияларына сәйкес және оның контенті «[Sabaq.online](#)» ЖШС-нің сауда белгісі және зияткерлік меншігі болып табылады.

**5.2.** [Sabaq.online](#) сайтында қолданылатын барлық өнімдер, бренд, компания атауы және логотиптер тіркелген сауда маркасы немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. “[Sabaq.online](#)” ЖШС-нің сайтында пайдаланылатын өнімдерді, брендтерді, компания атауын және логотиптерді пайдалануға қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар, “[Sabaq.online](#)” ЖШС-нің журналы, оның ішінде айдарлар, белгішелер, бет мәтіндері сауда маркасының фирмалық белгісі болып табылады және “[Sabaq.online](#)” ЖШС-нің жазбаша рұқсатынсыз көшіруге, имитациялық модельдер жасауға, оларды ішінара немесе толық пайдалануға тыйым салынады.

## **6. Авторлық құқықты сақтау**

**6.1.** [Sabaq.online](#) осы ресурста платформалар мен контент жасаушылардың авторлық құқықтарын сақтайды.

**6.2.** Егер Пайдаланушы [Sabaq.online](#) сайтындағы белгілі бір материал деп санаса өзі иелік ететін авторлық құқықты бұзады деп санаса, Сізден мына мекенжайға хабарлауыңызды сұраймыз: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 14/3 ғимарат. Электронды пошта: ([sabaq.online01@gmail.com](mailto:sabaq.online01@gmail.com)).

## **7. Аккаунтты жою**

**7.1.** Пайдаланушы [Sabaq.online](#) сайты пайдалануды кез келген уақытта тоқтата алады. Аккаунтты өшіру үшін “[Sabaq.online](#)” ЖШС-нің қызметкерлерімен байланысу қажет.

**7.2.** [Sabaq.online](#) Пайдаланушының кез келген аккаунтын жою немесе пайдалану Шарттарына сәйкес Пайдаланушыға алдын ала хабарлаусыз контентке қолжетімділікті уақытша тоқтату құқығын өзінде сақтайды.

**7.3.** Егер Пайдаланушының аккаунты жойылса, онда Пайдаланушы [Sabaq.online](#) сайты пайдалану құқығынан айырылады.

## **8. Юрисдикция және дауларды шешу**

**8.1.** [Sabaq.online](#) порталын пайдалану, Пайдаланушы пайдаланушылар мен [Sabaq.online](#) арасындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартпен реттеледі деп келіседі.

**8.2.** Пайдаланушы пайдалану Шарттарында өзгерістер мен толықтыруларды мерзімді түрде тексеріп отыратынын растайды.

- 8.3.** Құқық иесі кез келген уақытта осы Шартқа өзгерістер енгізу құқығын сақтайды.
- 8.4.** Құқық иесі Пайдаланушы келтірген қандай да бір залал үшін жауап бермейді және Құқық иесі осы пайдалану шарттарына қатысты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде жүктелген міндеттемелерді бұзған жағдайда өтемақы төлемейді.

**9. [Sabaq.online](#) сайтының коммерциялық пайдалану**

**9.1.** [Sabaq.online](#) сайтының және контентті коммерциялық пайдалануға қатысты туындаған барлық сұрақ бойынша Құқық иесі “Sabaq.online” ЖШС -не хабарласыңыз. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 14/3 ғимарат. Электронды пошта: ([sabaq.online01@gmail.com](mailto:sabaq.online01@gmail.com)).